

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№3 (2023)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VLMZ9388>**\*А. К. Кадирхан<sup>1</sup>, Г. Төкенқызы<sup>2</sup>**<sup>1,2</sup>Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»ұлттық ғылыми-практикалық орталығы,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.\*e-mail: [alma\\_1992@mail.ru](mailto:alma_1992@mail.ru)

## **ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КОРПУС МӘТІНІНДЕГІ АУЫЗЕКИ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ СТИЛЬДІК ҚЫРЛАРЫ**

*Жалпы адамзаттың қарым-қатынасы ауызша сөйлесу және жазбаша тілдесу арқылы жүреді. Жазбаша тілдесімнен гөрі бүгінгі қоғамның өзара қарым-қатынасы ауызша сөйлесуге ұласқан. Ауызша сөйлеу тілі – бұл күнделікті тұрмыста екі немесе одан да көп адамдардың өзара сөйлесуі, пікір алысуы. Мұны ауызекі сөйлеу стилі қарастырады. Ауызекі сөйлеу тілінің басты ерекшелігі – оның алдын ала дайындықсыз, тікелей жүзеге асуында. Мақалада бүгінгі қоғамның ауызекі сөйлеу тіліндегі кейбір тілдік бірліктердің қолданысы, олардың нормадан ауытқу себептері мен салдары, стильдік қызметі талданады. Талдауға негіз болған ауызекі сөйлеу тіліне тән мәтіндер «Қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпустар» базасынан алынды. Осы мәтіндерді талдау кезінде ауызекі сөйлеу тілінде кейбір сөздердің құрамындағы дыбыстардың алмасуымен, етістіктердің, есім сөздердің қысқарған формаларын, жаргон, варваризмдердің қолданысын, сөйлем құрылысының сақталмай, инверсиялық құбылысқа ұшырауы сынды ерекшеліктерге лингвистикалық талдау жасалады. Оған қоса, стилистика, лексикология сынды салаларда зерттеу жүргізген белгілі ғалымдардың тұжырымдары да мақаладан көрініс тапты. Нәтижесінде бүгінгі қоғамның алдын ала дайындықсыз коммуникацияға түсу барысында сөйлеу тілдерінің жасай, толымсыз сөйлемдерге бағытталатыны, сондай-ақ бір ойдың аяқталмай, келесі бір ойға жалғасатыны немесе ойдың қайталануы, кірме сөздерді жиі қолданатындықтары анықталды.*

*Кілтті сөздер: ауызекі сөйлеу тілі, стиль, корпус, варваризм, жаргон, инверсия.*

## **Кіріспе**

Виртуалды кеңістікте тіліміздің сақталуы мен өрісінің кеңеюіне, оның қордаланып, жүйелі арнаға түсуіне негіз боларлық тетік – корпус екені белгілі. Жалпы корпус – статистикалық дәйекті ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік беретін іздеу механизмімен жабдықталған, цифрланған мәтіндері арнайы белгілер көмегімен өңделген инновациялық ақпараттық-анықтамалық жүйе.

Біз ауызекі сөйлеу тіліндегі кейбір тілдік бірліктердің стильдік қызметіне, жұмсалымына талдау жасау үшін «Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпустар» базасына енгізілген ауызекі сөйлеу стиліне тән мәтіндерін негізге алдық. Аталған корпуста барлығы 13 400 құжат, 13 030 789 сөз бар. Осы базаны негізге ала отырып, ауызекі сөйлеу тіліндегі кейбір тілдік бірліктердің қазіргі қолданысына, жалпы қоғамның қазіргі сөйлеу мәніне, тіл тазалығына назар аудардық. Өйткені күнделікті тіршілік қызметінде ауызекі сөйлеу тілінің орны ерекше. Әр дәуірдің өз сөйлеу тілі болады. Бұл, әрине, қазақ тілі түбірімен өзгеріп отырады дегендік емес екендігі белгілі. Мысалы, қазақ халқының 18 ғасырдың басындағы сөйлеу тілі мен 19 ғасыр басындағы сөйлеу тілінде айтарлықтай ерекшеліктер болғанын білеміз. Сондай-ақ өткен ғасыр басындағы сөйлеу тілімізбен қазіргі сөйлеу тілімізде де айқын айырмашылық көп. Әдетте ауызекі сөйлеу стилінің ерекшелігі әдеби тіл қабатынан тыс жатқан сөздердің белгілі бір мақсатта қолдануынан көрінеді. Корпустағы медиамәтіндер диалогке құрылғандықтан мәтіннің бір шоғырын сөйлеу тілінің элементтері құрайды. «Экспрессивтік-эмоционалды сөздер барлық стильде бірдей қолданыла бермейді. Олар негізінен сөйлеу тілі мен көркем әдебиетке тән» [1, 178]. «Қазақ тілінде әдеби нормадан шет қалатын, ауызекі сөйлеу тілінде белсенді қызмет атқаратын эмоционалды-экспрессивті бояуы ерекше сөздер тобы «қарапайым сөздер» деп аталатын лексикалық қабатқа кіреді. «Дөрекі, қарапайым элементтер, әсіресе макоронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Бұл – стильдік тәсіл» [2, 36], «Разговорный стиль порожден устной формой речи, и специфические его особенности в значительной степени зависят именно от устной речи» [3, 273], – дейді ғалымдар. Корпус мәтіндеріндегі сұхбатта қарапайым сөздер, яғни ауызекі сөйлеу элементтері жиі кездеседі.

## **Материалдар мен әдістер**

Мақалада «Қазақ тілінің ұлттық корпусының кіші корпустар» базасына енгізілген ауызекі сөйлеу стиліне тән мәтіндердегі тілдік бірліктердің ерекшеліктерін талдау нысанға алынғандықтан, ауызекі сөйлеу стилін зерттеген ғалымдар М. Балақаев, Е. Жанпейісов және Р. Сыздық, М. Серғалиев, Б. Шалабай, Р. Әміров еңбектері назарда болды.

Лингвистикалық әдебиетте қарапайым сөздердің екі түрлі ерекшелігі көрсетілген:

а) стильдік мәні бір нәрсенің бағасын кемітіп, құнын түсіріп төмендету бағыты болады.

ә) диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпы халыққа бірдей таныс сөздер. Сонымен қатар әдеби тілде қолдануға ыңғайсыз экспрессивті мәні болады. Тұрмыстық сөздер мен қарапайым сөздер бір-біріне өте-мөте ұқсас, бұлардың арасына шек қойып ажыратудың өзі кейде тым қиынға соғады» [4, 131]. Сұхбат беруші еркін, өз ойын бірден беретін болғандықтан, қарапайым сөздерді, варваризмдер мен диалектизмдерді жиі қолданады, кейде жаргондарды да сөз арасында қолдануы мүмкін.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Ауызекі сөйлеу стилі сөйлеушінің дара стилі мен стереотиптің, ойын бірден жеткізуімен, ситуацияның үйлесімімен сипатталады. Осындай ауызекі сөйлеудің негізгі белгілері корпус мәтіндерінде айқын көрсетіледі. Корпустағы диалогке құрылған мәтіндер окказионалды қолданыстар және кірме сөздердің молдығымен ерекшеленеді. Мысалы, «Түнгі студия» бағдарламасындағы Өмірқұл Айниязов сұхбатында: *«Бірде / вечерде тамада болдым дейсіз. Енді сіз ол кезде қазіргідей / гонорар айтпайсыз ғо / ол филармонияда айлығыңыз 44 мың»*. Вечер, тамада, гонорар сөздерінің қазақша баламасымен жарыса қолданылатынын көреміз. *«Фонограмма дегені минусовка дауыс жоқ»*. *Фонограмма, минусовка – кірме сөздер*. Шет тілінен енген сөздердің қолданысы да ауызекі сөйлеу тілімізде артып келеді. Мысалы, *«Қайрат білесіз бе менің ойымша ол өзіне көңіл аудартқысы келген сияқты немесе хайп. Кім білсін?!»*. *Хайп – жұрттың назарын өзіне аударту, өз-өзін жарнамалау, көзге түсу деген мағынаны береді.*

*«Биімізді көрсеттік сөйтсе битіп тұрып, «Даа жігіттер әртүрлі екен» дит та жаңағы Задорнадский. «Бір біріне ұқсамайды ерекше топ. Бір біріне ешқайсысы бір-бірінен келмейді» дит та. Көп бойзбендта бір-біріне келет дит та бойзбендтар. Сөйтсе Әзімбек «Іә» дит та. «Біреуі – энергичный, рухты» дет та ол мені айтты. «Біреуі – музыкальный» дит, а біреуі «Біреуі – красивый» әдемі дит»*. Бойзбендт – ер адамдардан құралған топ.

Тілімізде, кейде сонорлық дауыссыз дыбыстардың ситуациялық жағдайға сай түсіріліп айтылуы кездеседі. Сөйлеу тілінің стильдік белгісін көрсететін тілдік құралдардың қатарына *боп, кеп, қып, дим, дит* т.б. сөздер жатады. Бұл лексемалардың әдеби тілдегі көрінісі *қылып, келіп, деймін, болып, әкеліп* т.б. түрінде беріледі. Ауызекі тіліндегі қарапайым сөздердің экспрессиясы күшті болып келеді. Ол құбылыс әрекеттің жылдамдығын, қозғалыстың айқындылығын білдіруге қызмет етеді. Мысалы, бейтарап стильдегі *боп қалды* тіркесін *болып қалды* деп айтсақ, оның контекстегі мағынасы басқаша

түсініледі. Қысқартылған сөздерді қолдану арқылы сөйлеуші белгілі бір іске тез кірісетінін аңғартқан. Бұл жайлы ғалым Е.Жанпейісов ауызекі сөйлеуде сөз тіркесінің әдеби тілден ерекшеленіп, әртүрлі дыбыстық қысқартуларға, синтаксистік ауытқуларға ұшырауын кейіпкерлер тілін, яғни белгілі бір сөйлеуші тілінің ерекшелігін сақтау қажеттілігімен түсіндіреді [5, 24]. Медиамәтіндегі сұхбатта сөйлеуші тілі, ауызекі сөйлеу тілі сол қалпында жұмсалады. Кейбір мәтіндерде «*гой*» сөзіндегі «*й*» дыбысының көбінесе түсіріліп қалатынын аңғаруға болады. Ол еліміздің кейбір аймақтарына ғана тән фонетикалық ауытқу болатын, қазір белсенді қолданыста деуге де болады.

«*Кешіріңіз, Шолпан ханым, мен түсінемін, әдемі түсінік беріп \*жатсыз\*, мәселе жоқ \*ода\*, сіз нақты сұраққа жауап бере аласыз ба, мынадай қателер неге кетіп отыр?» («Ашық алаң» бағдарламасы, «Мектеп оқулықтарындағы олқылықтар»).* Ода – лексемасының орнына әдеби тіл нормасына сай *онда, ендеше* деген қолданылуы керек еді.

Медиамәтінде сөйлеушінің сөйлеу мәнері мен стиліне байланысты «*жатырсыз*» етістігі ауызекі стиліне тән үрдіс бойынша қысқартылып берілген. Екінші мәтінде де осы үрдісті байқауға болады: «*Жалпы домбыраны қай жасыңыздан бастап ұстап келе жатсыз? Серік қылып келе жатсыз? Домбырамен шықтыңыз, соған қарағанда, дәстүрлі әниісіз-ау деймін*» (Түнгі студия). Өмірқұл Айниязов сұхбаты).

Сұхбат беруші адамның жергілікті тіл ерекшелігін сақтап сөйлеуіне байланысты етістіктердің қысқартыла жұмсалғанын көреміз. Мысалы: *отқан – отырған*, «*Бұл әнді шырқап \*отқан\* себебіміз де тегіннен \*и\* тегін емес. Бұл сіздің мектеп қабырғасында жүргенде ең алғашқы рет вальс билеген әңгізіз», «*Жаңағы «тауық» деген сөз дұрыс па сонда мыңдаған оқушы оқып \*отқан\*?» («Ашық алаң» бағдарламасы, «Мектеп оқулықтарындағы олқылықтар»).* Сұхбат беруші тіліндегі қысқартулар да ауызекі стиліне тән. Тағы мысал келтірер болсақ, *битіп, дит, дим* т.б. етістіктерді атауға болады. «*Өмірқұлды мен өз басым мен Амиеш дим*» (Түнгі студия. Өмірқұл Айниязов) «*Дианага несімен ұнағаны енді түсінікті болды. «Маған қатты ұнады гой» деді гой битіп*». **Бүмін** (былай деп...) – кіріккен сөз. «*Махамбеттің термесінің соңғы жағында рэпке ұқсатып / көмеймен айту дим «Горловое пение» сондай жерлерде қостық».**

«*Бұны көбісі бүмін қарайды жаңағы «О ауыл туралы бір / жаңағы рэп ән шығыпты» дейді. Шіркін ай бір музыканттар үңіліп қарайтын болса, ішінде өте үлкен еңбек бар.* Медимәтіндерде диалектілік ерекшеліктер де жиі кездеседі. Әдеби тілге енбейтін сөздердің қатарына диалектизмдер де жататыны белгілі. «*Бұлар, белгілі бір аймақ тұрғындары үшін атқаратын қызметіне қоса, әдеби тіл үшін де, әдебиет тілі үшін де қажет қазына* [5, 120], – деп Х.Нұрмұқанов орынды атап көрсетеді. Сонымен мысалдардағы **бүмін**,

**дим, дим** – белгілі бір аймақтарға тән сөзқолданыстар болып табылады. Ұлттық корпусстың ауызекі сөйлеу тіліне арналған кіші корпусындағы мәтіндерде екі түрлі форма бірі әдеби тілде орныққан, бірі әдеби тілден тыс қалған сөздер жарыса қолданыла береді. Мысалы, «сонсын», «сөйтпей» деген сөздер ауызекі тілде кездеседі.

Қазірге ауызекі сөйлеу тілінің элементтерін заманауи жаргон сөздер құрайтыны белгілі. Бұл туралы ағылшын ғалымы О.Джесперсон: «сленг – это форма речи, которая на самом деле обязана своим происхождением стремлению отовариться от языка, навязанного нам обществом» дейді [6]. Ауызекі сөйлеу ең көп таралған жаргон сөздерді қолданумен сипатталады. Бұл сөздер өте «жалпы» мағынаға ие, кейде тіпті хабарланғанның мәнін дәл ашпайды. Әдемі ауызша ресми сөйлеуімен танымал адамдардың күнделікті әңгімелерінің жазбаларында бірдей сөздердің қайталануы сияқты өрнектер бар. Зерттеуші О.Лаптева ауызекі сөйлеу тілі мен стилі бір-біріне ұқсас болғанымен, ауызекі сөйлеу тілі функционалдық жағынан келгенде ауқымы кеңдігі байқалады дейді [7, 35]. Шындығында, өрнек дәл болмаса да, сөйлеушілердің көз алдында тұрған қимылдар, мимика, заттар мәлімдемені түсінуге көмектеседі. Ең бастысы, сөйлеуші ойды білдіру формасына мән бермейді, өйткені түсінбеушілік болмайтынына сенімді: егер олар түсінбесе, қайта сұрайды. Сонымен қатар орыс тіліндегі немесе ағылшын тіліндегі сөздерді араластырып сөйлеу де кеңінен таралған. Тіпті сәнге айналды десе де болады. Мұндай шұбалыңқы қолданыстар, жаргондар тілдің тазалығына нұқсан келтіргенмен, жоғарыдай айтқанымыздай, ол арқылы қоғамда қандай әлеуметтік орта қалыптасып жатқанын, жыл сайын дамып жатқан технологиялар арқылы тілімізге қандай жаңа сөздер еніп жатқанын аңғаруға болады. Сол сияқты сөз тіркестерін сауатсыз қолдану сөйлеу тілінің нормаларын да бұзады. Ондай стилистикалық қателер сөйлеу тіліне тән.

Ауызекі сөйлеу мәтінінде кездесетін жаргон сөздерді төмендегідей топтарға бөліп қарастырдық:

1) Құрамына қарай – дара және күрделі.

Дара сөзден болған жаргондар:

*/Братан/, анау бағана обедте айтып едіңіз ғой...* Бұл мысалдағы «братан» сөзі әдеби нормадағы «аға» деген мағынада жұмсалып тұр. *Екеуіңнің старшағың болып отырмын да.* Бұл жерде жастардың арасында ең жиі қолданылатын жаргон сөздердің бірі «старшак» екенін байқап отырмыз. «Старшак» сөзі «үлкен», «аға» мағынасында қолданылады.

Бүгінде кейбір сөздер өзінің әдеби нормасынан ауытқып, жастардың арасында қолданылатын сленгке айналған. Сөзімізге дәлел болу үшін төмендегі мысалды келтірейік: */И/ қазанбас деп қойдың да сенде анадай өз-өзін қабылдау дейді ғой, /принятие себя/.* Бұл сөйлемдегі «казанбас»

сөзі жалпы әдеби қолданыста данышпандылықтың, бірегейліктің, дарындылықтың белгісі мәнін берсе, қазіргі қолданыста ол ақылы жоқ адамға болмаса адамның тікелей болмысына байланысты қолданылады екен.

Күрделі сөзден болған жаргондар:

*Маған, мысалы, басында ұлдар көп жазатын, брат қойсай деген сияқты.* «Брат қойсай» деген қолданыс «Бауырым қойшы» деген мағынада жұмсалады. Бұл қолданыстың қазіргі жастардың арасында белсенділігі жоғары. *Жаңағыдай әйелі миын жеп отырады, сен жұмыс істемейсің, азаннан кешке дейін диванда отырасың анау-мынау деп.* Келтірілген мысалда «миын жеу» көп сөйлеу немесе ұрысу мәнінде жұмсалып тұр. Бұл тіркесті бүгінде кейбір заманауи әндердің мәтінінен де жиі кездестіруге болады.

2) Аралас жаргондар:

Орыс тілі арқылы енген:

*Енді \! негативтан көзім ашылмады.* Негатив сөзін орыс тілінен қазақ тіліне аударғанда «келеңсіздік» деген мағынаны білдіреді. Ал контекске назар аударсақ, ол «жаман пікір» деген мәнде жұмсалып тұр. Демек бұдан байқағанымыздай, қазіргі жастар «негатив» сөзін жаман сөзінің орнына қолданады.

Ағылшын тілі арқылы енген:

*Бәріне /хеллоу/, сәлем сіздермен бірге Зуруза және де «5 зат» бағдарламасы.* «Хеллоу» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «сәлем» деген мағынаны береді. Бұл сөзді осы мағынада жұмсалатынын бәрі біледі. Келесі мысалда кездесетін жаргонды неологизмге жатқызуымызға болады. *Жоқ, рақмет! \! неге сен бір балаға жақындай салсаң, /шиптинг/ басталып кетеді?* Бұл жердегі «шиптинг» сөзі екі адамның арасындағы жақын қарым-қатынасты білдіреді. Г. Т. Нұрпейісова: «сленг, жаргон және аргоны бір-бірінен ажырата білуіміз керек. Сленгтің жаргон, аргодан негізгі айырмашылығы қолданушы топтың жас ерекшелігі мен кәсіби біліктілігінен көрініс табады. Тілімізде сленг сөздерде кең қоланысқа ие болып отыр. «Көптеген сленг сөздері мен сөйлемшелерінің дөрекі эмоционалдық бояуы бір-бірінен өзгеше реңктермен ерекшеленеді (әзілқой, келекелі, мысқылды, менсінбеген, кеміткен, елемеген, дөрекі және тіпті өрескел)» [8, 1]. Жаргонизмдер мен сленг сөздер де нормаға қайшы болса да ауызекі тілімізде кездесіп отыр.

Әдеби тіл нормасына түспеген, бірақ белгілі бір ортада белсенді түрде қолданылып жүрген сөздердің медиамәтінде кездесуі заңдылық. Себебі әдеби тілге енбейтін сөздердің барлығын қажет емес деп есептеуге болмайды. «... ондай көпшілік халқымыз тұтынып келген, әдебиетке түспей жүрген тың сөздерден жатырқап, бой тарту – бір жағынан, халық тіліне жасалған зорлық, екінші жағынан алғанда, бар қазақ тілін білмей, баурай алмай тұрып, бұлайша паңдық ету қиырлық пен



астамдық» [9, 167], – деп тұжырымдайды жазушы М. Әуезов. Ұлы жазушының бұл пікірі диалектизмдерге байланысты айтылған. Қазіргі таңдағы жаргон, аргон, сленг сөздер де қарапайым сөздер сияқты ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылуы тіліміздің шұбарлануына ғана емес, ұлттық тіл байлығының жоғалуына әкеліп соқтыру қаупін арттыруы мүмкін. «Сөйлеу тілі лексикасынан диалект, кітаби сөз, жаргондарды да бөлуге болмайды. Сөйлеу тілі лексикасын әдеби сөйлеу тілі лексикасы, бейәдеби сөйлеу тілі лексикасы деп бөлуге болады» [10, 41] немесе «қарапайым сөздер де ауызекі сөйлеу тіліндегі лексиконның бір саласы» [11, 93] деген пікірлер де бар. Ауызекі сөйлеудегі сөз тіркестері өте сирек қолданылады, сөздерді біртұтас тұтастыққа біріктіру негізінен интонация арқылы жүзеге асырылады. Ауызекі тілдегі сөз тәртібінің негізгі қызметі грамматикалық емес, психологиялық болып табылады. Сөздер ойдың қалыптасу дәйектілігінде орналасқан. Әңгімелесудегі сөйлемдер «ойлау» процесімен тығыз байланысты, сондықтан оны анық көрінетін етеді. Сөйлеу тілі әсіресе синтаксистік ерекшелігімен сипатталады. Ең алдымен, бұл бір-бірінен кейін қысқа қарапайым сөйлемдерді қолдануда көрінеді: *«Енді енді тағы бір проектке шақырып жатыр, Алла қаласа басты рөлде». Инверсиялы сөйлемдер жиі қолданылады. Толымсыз сөйлемдердің жұмсалыуы: «Министрдің қолында болса, ендеше жаңадан келген \*министрге\*, жаңадан келген \*вице-министрге\* айтатын нәрсеміз» («Ашық алаң» бағдарламасы, «Мектеп оқулықтарындағы олқылықтар»). «Әлі бір жұмбақ айтпай-ақ қояйын ол жағын» («Түнгі студия» бағдарламасы, «Алаш тобы»). Тікелей жеке қарым-қатынас жағдайында мұндай сөйлеу табиғи және қалыпты. Ұзақ, әсіресе күрделі сөйлемдер сөйлеу тілінде сирек қолданыста. Өйткені сөйлеушіге де, тыңдаушыға да жай сөйлемдер қолайлы. Ауызекі сөйлеу мәтінінде қаратпалар жиі қолданылады. Тыңдармандарды тарту мақсатында стильдік қызметтері айрықша. Мысалы, «Ассалаумағалейкум, кеш жарық, құрметті Ұлттық арнаның көрермендері! Кеш жарық, достар!»*

*«Ханымдар мен мырзалар, эфирде «Түнгі студия»! Қарсы алыңыздар, Қайрат Әділгерей!»*

Егер адам танысы туралы айтатын болса, онда ол әдетте ойланбастан дайын сөйлеу блоктарын қолданады: *Бұл өте қызықты. Оның керемет табиғаты бар. Бізде керемет жер бар – қар алқабы.* Бірақ егер сөйлеуші бір нәрсені еске түсірсе, бір нәрсені түсіндіргісі келсе, онда хабарламаны қалыптастыру процесі байқалады. Мысалы: *жоқ, білесіз бе, біз, ең бастысы, жарықты сөндірдік, ол фотографиялық құрылғыны қайта жүктеді, кенеттен артиллериялық үш оқ қатарынан, сөзбе-сөз құлақтың үстінде, снарядтар құлақтың дәл үстінде ысқырады, жарқылдар бар... Жарық, білесіз бе, бәрі қалай қорқады...* – мұнда келісілген анықтамалар алдын ала

жоспарланбаған, олар сөйлеу процесінде қосылады. Ауызекі тілде барлық маңызды нәрселер сөйлемнің басына қарай «қозғалады», өйткені соңында орналастырылғандардың бәрі қабылданбауы мүмкін. Қарым-қатынастың екі жағы – кім үшін және не үшін – сөздердің сөйлеу тәртібін анықтайды. Ауызекі сөйлеудегі сөздердің реті жазбаша сөйлеудегі сөздердің орналасу нормаларынан соншалықты ерекшеленетіндігіне байланысты, жазушылар әдетте кейіпкерлерінің сөйлеуін көркемдік қайта құру үшін ауызекі сөйлеу құрылымдарын пайдаланады (сөйлеудің стильді бояу функциялары). Ауызекі сөйлеу нормасы – қысқа сөйлемдер, ал қысқа сөйлемдер көбінесе олардың толымсыз болуымен байланысты. Ауызекі сөйлеу жағдайға сүйенетіндіктен, көптеген сөздер қажетсіз болып шығады, өйткені әңгімелесуші мен тыңдаушы бір-бірін бейвербалды амалдар арқылы түсінеді: «*қалайсың ба?*» – «*Иә жоқ, мүмкін*», «*құю?*» – «*Жұр*». Ауызекі тілде күрделі сөйлемдер де кездеседі, бірақ көп компонентті болмайды. Олар көбінесе жай сөйлем немесе екі компонентті құрмалас сөйлем болуы мүмкін. Корпус мәтіндерінде түсіндірме, ыңғайлас және себептік бағыныңқы сөйлемдер басым, ал ондағы сөздер еркін орналасады.

### **Қорытынды**

Сөйлесу шарттары тақырыптың дамуын алдын ала жоспарлауға, яғни мәтінді ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді. Біріншіден, сөйлеуші мәтіннің айтылған бөліктерін жадында сақтай алмайды. Екіншіден, әңгімелесуші әрдайым сөйлеуге араласады, тіпті егер негізгі сөйлеуші бір нәрсе туралы монологиялық әңгіме айтса да. Үшіншіден, сөйлеушінің өзі кейбір мәліметтерді еске түсіреді және жоғарыда айтылғандарға оралады, ой қосады, өзін тоқтатады. Төртіншіден, әңгімелесушінің немесе белгілі бір жағдайға байланысты әңгіме мүлдем үзіліп, аяқталмай қалуы мүмкін. Ауызекі тілде мәтін бар ма, әлде оның мәтіндік ұйымы жоқ па? Бұл туралы әртүрлі көзқарастар бар. Бірақ ауызекі тілде мәтіннің бар екенін мойындайтындар да оның ерекшелігі туралы айтады. Әдетте, ауызекі сөйлеу стиліне құрылған мәтіндерде бір тақырыптан екінші тақырыпқа «секірулер» тән. Кейде мәтінге нақты бір тақырып бере алмауымыз мүмкін.

Корпус мәтіндеріндегі әңгіме, диалогта ауызекі сөйлеу стилінің белгілерін атап өтуге болады:

- есімнің өзгертілген формалары Ереке, Өлеке түрінде келуі. Мысалы «*Өмірқұлды мен өз басым мен Амиеш дим*» (Түнгі студия. Өмірқұл Айниязов), «*Кім кім араларыңызда жасы үлкен кім? Өз ағаң ғой*» (Түнгі студия. Өмірқұл Айниязов);

- варваризмдердің жиі қолданылуы «*Бірде / вечерде тамада болдым дейсіз. Енді сіз ол кезде казіргідей / гонорар айтпайсыз ғо.*» (Түнгі студия. Өмірқұл Айниязов);

- мәтіндегі сөйлемдердің толымсыз сөйлем түрінде келуі... олардың мағынасы сөйлеушіге түсінікті (сондықтан біз бармаймыз); – сөйлем құрылысының сақталмауы, яғни инверсиялы сөйлемдердің қолданылуы (Хаски итін өзім жақсы көремін, иттің образында отырған адам емес пе, иә, жанындағы? ).

Тілдің дамуына қоғамдағы жаңалықтар, мәдениаралық қатынастар әсер етуі заңдылық. Десек те тілімізге оңды солды еніп жатқан кірме сөздер мен жаргондардың көптігі және оның сұхбат алып отырған журналисттердің тілінде кездесуі қынжылтады.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқу құралы [Текст]. – Алматы, 1997. – 256 б.

2 **Балақасев М., Томанов М., Манасбаев Б., Жанпейісов Е.** Қазақ тілінің стилистикасы. Оқу құралы [Текст]. – Алматы, 2005. – 254 б.

3 **Арнольд И. В.** Стилистика современного английского языка: (Стилистика декодирования): Учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. «Иностр. яз.». – 3-е изд. [Текст]. – М. : Просвещение, 1990. – с. 272–278.

4 **Жанпейісов, Е.** Қазақ прозасының тілі [Текст] // Монография – Алматы, 1968. – 264 б.

5 **Нұрмаханов, Х.** Сөз және шеберлік [Текст] // Монография – Алматы, 1987. – 288 б.

6 **Jesperson, O.** Growth and Structure of the English Language / O.Jesperson. [Text]. – London, 1998. – 98 p.

7 **Лаптева, О. А.** Русский разговорный синтаксис. [Текст]. – М. : Наука, 1976. – 399 с.

8 **Нүрпейісова, Г. Т.** Сленгтердің пайда болу тарихы [Электронды ресурс]. – <https://emirsaba.org/azastan-respublikasi-bilim-jene-filim-ministr-ligi-ahmet-bajtrs-v3.html?page=34>

9 **Әуезов, М.** Әр жылдар ойлары [Текст] // Монография – Алматы, 1959. – 556 б.

10 **Қалиев, Ғ.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі [Текст]. – Алматы. Сөздік – Словарь, 2005. – 440 б.

11 **Балақасев, М.** Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. Оқу құралы [Текст]. – Алматы, 1989. – 96 б.

---

**References**

1 **Bolganbaiuly, A., Kaliuly, G.** Kazirgi kazak tilinin leksikologiasy men frazeologiasy. Oku kuraly [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1997. – 256 p.

2 **Balakayev, M., Tomanov, M., Manasbayev, B., Zhanpeisov, E.** Kazak tilinin stilistikasy. Oku kuraly [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1997. – 256 p.

3 **Arnold, I. V.** Stilistika sovremennogo angliškogo yazika: (Stilistika dekodirovania): Uchebnye posobie dlya studentov ped.ins-tov po spec. «Inostr. yazika». – 3-e izd. [Stylistics of the modern English language: (Stylistics of decoding): Textbook for students of pedagogical in-tov on spec. «Foreign language.» – 3rd ed.] [Text]. Moskow : Prosveshenie, 1990. – 272–278 p.

4 **Zhanpeisov, E.** Kazak prozasynyn tili [The language of Kazakh prose] [Text] // Monografiya – Almaty, 1968. – 264 p.

5 **Nurmuhanov, H.** Soz jane sheberlik [Word and skill] [Text] // Monografiya – Almaty, 1987. – 288 p.

6 **Jesperson, O.** Growth and Structure og the English Language / O. Jespersen. [Text]. – London, 1998. – 98 p.

7 **Lapteva, O. A.** Ruskii razgovornyi sintaksis [Russian colloquial syntax] [Text]. – Moskow : Nauka, 1976. – 399 p.

8 **Nurpeyisova, G. T.** Slengterdin paida boly tarihy [The history of slang] [Electronic resource] <https://emirsaba.org/azastan-respublikasi-bilim-jene-filim-ministr-ligi-ahmet-bajtrs-v3.html?page=34>

9 **Aueзов, M.** Ar jyldar oilary [Thoughts of different years] [Text] // Monografiya – Almaty, 1959. – 556 p.

10 **Kaliev, G.** Til bilimi termindерinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of linguistics terms] [Text]. Dictionary, 2005 – 440 p.

11 **Balakaev, M.** Til madenieti jane kazak tilin okytu. Oku kuraly [Language culture and teaching the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1989. – 96 p.

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.

\*А. К. Кадирхан<sup>1</sup>, Г. Төкенқызы<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Национальный научно-практический центр

«Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова,

Республика Казахстан, г. Астана.

Принято к изданию 08.09.23.

## СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЭЛЕМЕНТОВ РАЗГОВОРНОЙ РЕЧИ В ТЕКСТЕ ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО КОРПУСА

*Общение человечества в целом происходит через устное общение и письменное общение. В отличие от письменного общения, взаимодействие в современном обществе представляет собой скорее устное общение. Устная речь – это общение, обмен мнениями между двумя или более людьми в повседневной жизни. Это рассматривается стилем устной речи. Главная особенность разговорной речи заключается в ее непосредственном осуществлении, без предварительной подготовки. В статье анализируется использование некоторых языковых единиц в разговорной речи современного общества, причины и последствия их отклонения от нормы, стилистическая функция. Тексты, характерные для разговорного языка, послужившие основой для анализа, взяты из базы «малые корпуса Национального корпуса казахского языка». При анализе данных текстов проводится лингвистический анализ таких особенностей, как обмен звуками в составе некоторых слов в разговорной речи, сокращенные формы глаголов, именных слов, использование жаргона, наречий, варваризмы, подверженность конструкции предложения инверсионному явлению без сохранения. Кроме того, в статье нашли отражение выводы известных ученых, проводивших исследования в таких областях, как стилистика, лексикология. В результате было установлено, что в процессе погружения современного общества в общение без предварительной подготовки речевые языки ориентируются на простые, неполные предложения, а также не заканчиваются одной мыслью, а затем переходят к другой, или повторяются мысли, часто употребляются вводные слова.*

*Ключевые слова: разговорный язык, стиль, корпус, варваризмы, сленг, инверсия.*

\*A. K. Kadirhan<sup>1</sup>, G. Tokenkyzy<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>National Scientific and Practical Center «Til-Kazyna»

named after Sh. Shayakhmetov,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Accepted for publication on 08.09.23.

## STYLISTIC FEATURES OF THE ELEMENTS OF COLLOQUIAL SPEECH IN THE TEXT OF THE LINGUISTIC ENCLOSURES

*The communication of humanity as a whole takes place through oral communication and written communication. The interaction of modern society, rather than written, has developed into oral communication. Oral speech is communication, an exchange of opinions between two or more people in everyday life. This is considered the style of oral speech. The main feature of colloquial speech is its direct implementation, without prior preparation. The article analyzes the use of some linguistic units in the colloquial speech of modern society, the causes and consequences of their deviation from the norm, stylistic function. The texts characteristic of the spoken language, which served as the basis for the analysis, are taken from the database «small buildings of the National corpus of the Kazakh language». When analyzing these texts, a linguistic analysis of such features as the exchange of sounds in the composition of some words in colloquial speech, abbreviated forms of verbs, nominal words, the use of jargon, adverbs, barbarism, the susceptibility of sentence construction to inversion phenomenon without preservation is carried out. In addition, the article reflects the conclusions of well-known scientists who have conducted research in such areas as stylistics, lexicology. As a result, it was found that in the process of immersion of modern society in communication without prior preparation, speech languages focus on simple, incomplete sentences, and also do not end with one thought, and then move on to another, or thoughts are repeated, introductory words are often used.*

*Keywords: spoken language, style, corpus, barbarism, slang, inversion.*

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz